

АЖК тарапынан
5.09.2024ж.

**2024-2025 оқу жылында №4 «Хромтау орта мектебі» ММ-де
оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы
анықтамасы**

№4 Хромтау орта мектебінде жеңілдетілген ыстық тамақ нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылған. Оқу жылының басында «Тамақтануды ұйымдастыру туралы» 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушылар үшін тамақтануды ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық шығарылды. Мектеп директоры 2024-2025 оқу жылына арналған № 4 Хромтау орта мектебі 1-11 сынып оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру мен сапасын тексеру жөніндегі комиссияларының жұмыс жоспарын бекітті.

Тегін ыстық тамақпен әлеуметтік қорғалмаған санаттағы отбасылардан шыққан балалар, жан басына шаққандағы отбасылардан шыққан балалар қамтылды.

Білім алушылардың тамақтану бекітілген режимге сәйкес келеді. Оқушыларды тамақтандыру 2 ауысымда жүзеге асыралады. Оқушылар сынып жетекшісінің сүйемелдеуімен асханаға барады. Күн сайын асханада тамақтану кезінде мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес кезекші мұғалім барады. Асханада «Мектепте тамақтануды ұйымдастыру» стенді бар. Стендте келесі ақпарат орналасытырлған:

- Тамақтануды ұйымдастырушы туралы ақпарат
- Бекітілген перспективалық мәзір
- Білім алушылардың тамақтану туралы бұйрығы
- Дұрыс тамақтану туралы жадынамалар мен ұсыныстар

Бақылау іс шараларының нәтижесінде 2024 жылға қыркүйек айында мыналар белгіленді.

Мектепте бірінші жартыжылдықта жеңіл ыстық тамақпен қамту білім алушылардың жалпы санының 1,3 % құрады.

2024-2025 оқу жылына 1 жеңілдікті тамақтың құны 603 тг мөлшерінде бекітілген. Күделікті мәзір бекітілген ас мәзіріне сәйкес келеді. Мектептің әлеуметтік педагогы А.У.Мустафина күн сайын оқушылардың асханада келуін жүргізеді.

Медбике Г.Е.Кайепова дайын өнімдерді бракераждау және ас блогы қызметкерлерін күнделікті тексеру журналдарын жүргізеді.

Барлық ас блоктары суық және ыстық сумен қамтамасыз етілген, жуғыштар, қойма бөлмелері тоңазытқыштармен, мұздатқыштармен жабдықталған. Асханаға қажетті ыдыс-аяқпен қамтамасыз етілген. Мектепте білім алушылар дұрыс тамақтану дағдылары мен мәдениетін тамақтану этикасын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Қорытындылау:

-тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деп санау.

Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы балалардың тамақтануын жақсы ұйымдастыруды атап өту.

Ұысыныстар:

-кезекші әкімшілік пен мұғалімдер күнделікті тамақтануды бақылауды жүзеге асыру және асханадағы оқушылардың мінез құлқын қадағалу.

- жалға алушыға оқушылардың санитарлық –гигиеналық және нормативтік тамақтану нормаларын сақтау.

Әлеуметтік педагог:  Мустафина А.У.